

сессия кезіндегі күйзелісті азайтудың ТИМДІ ТӘСІЛДЕРІ



1. Ресурсты сақтау және өзіңізге көмек көрсету

Дайындықты жоспарлаңыз:

- Дайындықты 40–50 минуттық шағын блоктарға бөліңіз.
- 5–10 минут үзіліс жасаңыз.
- Түн бойы дайындық жасамаңыз — бұл есте сақтауға және зейін қоюға кері әсер етеді.

Негізгі қажеттіліктерді қадағалаңыз:

- Ұйқы кемінде 7 сағат болуы керек — бұл зейін қоюдың негізгі шарты.
- Жеңіл және тұрақты тамақтаныңыз: жемістер, жаңғақтар, су ішіңіз.
- Күніне 10–15 минут серуендегеніңіз немесе жеңіл созылу жасағаныңыз дұрыс.

Стрессті азайтыңыз:

- Өлеуметтік желілерде ұзақ отырмауға тырысыңыз.
- Емтихан туралы қатты уайымдайтын достарыңызбен әңгімелеспейіз.

2. Уайымды азайтуға арналған жеңіл жаттығулар

«4–7–8» техникасы:
Қорқынышты және уайымды тез азайтуға көмектеседі.

1. Тыныс алу — 4 секунд
2. Тұру (ұстап тұру) — 7 секунд
3. Баяу дем шығару — 8 секунд
Осыларды 3–4 рет қайталаңыз.
«5–4–3–2–1» жаттығуы:
Паникалық күй сезілгенде ойды нақты нәрсеге назар аудартады:

- 5 нәрсені көресіз
- 4 дыбысты естисіз
- 3 жанасуды сезесіз
- 2 иісті аңғарасыз
- 1 дәмді татып көресіз

Бұл жаттығу баяу қалыпқа келтіруге және тыныштықты реттеуге көмектеседі.
«Қысқа қолдаушы сөйлем»
Қорқыныш кезінде өзіңізге қайталап айта алатын сөйлем ойлап табыңыз:

- «Мен барымды жасап жатырмын»
- «Мен істей аламын»
- «Бұл уақытша»

3. Қосымша көмек қажет екенін қалай түсінуге болады?

Психологқа жүгініңіз, егер:

- мазасыздық күшті үрейге айналса;
- ұйқы 3–4 күннен аса бұзылса;
- қарапайым іс-әрекеттер назар аудару қиын болса;
- өмірдің мәнісіздігі, жайсыз ойлар пайда болса;

• емтихан немесе оқудан бас тарту туралы ойлар пайда болса.

4. Басқа студентке қалай қолдау көрсетуге болады?

- Қасында болыңыз, бірақ «сабыр сақта», «уайымдама» сияқты кеңестер бермеңіз — олар көмектеспейді.
- Бірге тыныс алу жаттығуларын ұсыныңыз: жеңіл жүру, шай ішу, таза ауаға шығу.
- «Қазір саған қалай көмектесе аламын?» деп сұраңыз.
- Қатты уақыт қысымында болмаңыз — тыңдап, эмоциялық қолдау көрсетіңіз.
- Егер жағдай күрделі болса, психологқа жүгінуге бағыттаңыз.

Есте сақтау маңызды:

Сессия — уақытша кезең, ал сіздің денсаулығыңыз бен эмоционалдық жағдайыңыз — оқу мен жетістікке жетудің негізі. Өзіңізді күтіңіз. Қолдау сұраудан қорықпаңыз. Көмекке дереу жүгініңіз.

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР ҒЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Жадыра Арэн

Аудармашы
Айтолқын Өмірхан

Дизайнер:
Айнұр Тлешова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Ө.Молдағұлова даңғылы,34
М.Арын атындағы бас ғимарат

E-mail:
press@zhubanov.edu.kz
Сайт: http://zhubanov.edu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана

Мемлекеттік қолдау – үлкен мүмкіндік

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Отбасы банк» АҚ бірлесіп іске асырып жатқан жас ғалымдарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарлама аясында пәтерге қол жеткізген жас ғалымдардың бірі - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Жаратылыстану факультеті биология кафедрасының оқытушысы, ғылыми қызметкер Асылай Саржігітова. Ол ғылыми-педагогикалық қызметін табысты үйлестіріп, халықаралық басылымдарда еңбектері жарияланған жас зерттеуші ретінде танылып келеді.

Қазіргі таңда ол ірі қара малдың түйінді дерматитін зерттеуге арналған ғылыми жоба аясында жұмыс істеп, отандық ғылымды дамытуға өз үлесін қосуда.

**ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫ:
АҚТӨБЕЛІК ҒАЛЫМДАР
ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫ
ОНДАҒАН ЕСЕ АЗАЙТАТЫН
ТЕХНОЛОГИЯ ӘЗІРЛЕДІ**

7-БЕТ

**ПУТЬ УЧЁНОГО:
ИГОРЬ СПИВАК-ЛАВРОВ И ЕГО
ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ФИЗИКИ**

8-СТР

**СТУДЕНТТІК ТАБЫС
ФОРМУЛАСЫ: БІЛІМ,
БЕЛСЕНДІЛІК ЖӘНЕ
ІЗДЕНІС**

12-13 БЕТТЕР

Басты жаңалықтар

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ПӘТЕР КІЛТТЕРІН ТАБЫСТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым қызметкерлері күніне орай бірқатар ғылыми қауымдастық өкілдерін марапаттап, 10 жас ғалымға пәтер кілттерін табыстады.

Салтанатты жиында Президент отандық ғылымды жан-жақты қолдаудың және елдің ғылыми әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Тұрғын үй алғандардың қатарында іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға елеулі үлес қосып жүрген ғылыми ұйымдар мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдері бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми әлеует мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі мен халықаралық аренадағы беделінің негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланғанын еске салып, бұл Қазақстандағы ғылыми дамудың басымдығын айқындайтынын жеткізді. Президенттің айтуынша, ғылымға арқа сүйеу стратегиялық міндетке айналып отыр. Осыған байланысты оны қаржыландыру көлемі алты есеге артты, ғылыми-зерттеу университеттерінің желісі кеңейде, сондай-ақ ғылыми жобаларға инвестиция салатын бизнеске салықтық жеңілдіктер қарастырылған.

Іс-шара барысында жастардың рөліне де ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысы отандық ғылымның болашағы білімді, дарынды және мақсатқа ұмтылған жас мамандардың қолында екенін атап өтті.

Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында Президент 2026 жылғы 10 сәуірдегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды. Ғылым



саласындағы елеулі жетістіктері мен жоғары білімді дамытуға қосқан үлесі үшін ғылыми қауымдастық өкілдері «Парасат» және «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атақтарымен марапатталды.

Салтанатты рәсім барысында Мемлекет басшысы жас зерттеушілерге 10 пәтердің кілтін жеке табыстап, отандық ғылымды қолдаудың маңыздылығын, сондай-ақ елдің ғылыми әлеуетін ашу мен дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында Ғылым және жоғары білім министрлігі жас ғалымдарды тұрғын үймен қамтамасыз

ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл – әлеуметтік қолдаудың және ғылыми қызметті ынталандырудың маңызды тетіктерінің бірі. Салалық комиссия жұмысының қорытындысы бойынша ғылыми ұйымдар мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдеріне пәтерлер бөлінді. 2024-2026 жылдары Президент тапсырмасы аясында Алматы және Астана қалаларында 132 пәтер өтеусіз негізде берілді. Ал 2023-2026 жылдары ведомство жұмысының нәтижесінде 656 жас ғалымға пәтер кілттері табысталды.

Аталған шаралар ғалымдардың әлеуметтік мәртебесін арттыруға, жас мамандарды ғылым саласына тартуға және Қазақстан ғылымының кадрлық әлеуетін нығайтуға бағытталған.

gov.kz



ЖЕҢІСКЕ БАСТАР ЖОЛ - ЕҢБЕК ПЕН СЕНІМ



Ерасыл Базарбай да әлем чемпионатында жоғары нәтиже көрсетіп, Қазақстанның көк байрағын биікке көтерді. Оның айтуынша, жеңіс сәті – өміріндегі ең әсерлі кезеңдердің бірі.

– «Туымыз көтеріліп, Өнұранымыз шырқалған сәт – ұмытылмас әсер сыйлады. Сол кезде барлық еңбегімнің ақталғанын сезіндім», – дейді ол.

Ерасылдың спортқа келуіне отбасы ықпал еткен. Жездесінің қолдауымен ол бала кезден жаттығуға қатысып, қабілетін шыңдай бастаған.

– «Алғашында қызығушылықпен басталған спорт уақыт өте үлкен мақсатқа айналды. Әрбір жетістік жаңа мотивация берді», – дейді чемпион.

Әлем чемпионатына дайындық барысында түрлі қиындықтар кездескенімен, табандылық пен жүйелі жаттығу өз нәтижесін берген. Ерасыл бұл жетістіктің артында бапкерлерінің еңбегі үлкен екенін ерекше атап өтті.

– «Бапкерлеріме алғысым шексіз. Олардың қолдауы мен сенімі маған үлкен күш берді», – дейді ол.

Алдағы жоспары – халықаралық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, Қазақстанның спорттағы беделін арттыру.

Бетті дайындаған:
Жадыра АРЕН



Студент жетістігі

ЖУБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ — ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫ

Түркияның Анталия қаласында өткен Ашихара каратэден әлем чемпионаты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің спортшылары үшін тарихи жетістікке айналды. Университет студенттері Әділ Ақтілеу мен Ерасыл Базарбай өз салмақ дәрежелерінде үздік шығып, әлем чемпионы атағын иеленді. Бұл – тек жеке жетістік емес, сонымен қатар оқу орнының абыройын асқақтатқан айтулы жеңіс.

Халықаралық деңгейдегі додада топ жарған қос спортшыға Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағы берілді. Бұл олардың табанды еңбегі мен спортқа деген адалдығының заңды нәтижесі.



Жүйелі дайындық — үздік нәтиже

Әділ Ақтілеудің спорттағы жолы бала кезден бастау алған. Ол 12 жылдан бері MMA және каратэмен тұрақты түрде айналысып келеді. Жас спортшы үшін Түркияда өткен әлем чемпионаты үлкен тәжірибе алаңы болды.

– «Бұл жарыс мен үшін ерекше болды. Ұйымдастыру деңгейі жоғары, қарсыластар өте мықты. Өр жекпе-жек үлкен жауапкершілік пен толық дайындықты талап етті», – дейді чемпион.

Әділ оқу мен жаттығуды қатар алып жүрудің оңай еместігін атап өтеді. Оның айтуынша, уақытты тиімді жоспарлау – табыс кілті.

– «Күнімді нақты жоспарлаймын: алдымен оқу, кейін жаттығу. Жүйелі еңбек болмаса, нәтиже болмайды», – дейді ол.

Сонымен қатар, дайындық кезеңінің қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келуі де ерекше жігер берген.

– «Ораза кезінде жаттығу жүктемесін дұрыс бөлу, қалпына келу режимін сақтау өте маңызды болды», – деп бөлісті Әділ.

Алдағы уақытта ол халықаралық аренада ел намысын қорғап, түрлі жекпе-жек түрлерінен де әлем чемпионы атанды мақсат етеді. Спорт шебері атағын ол үлкен жауапкершілік әрі жаңа белестерге бастайтын қадам деп санайды.



Басты жаңалықтар



БИЫЛ «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҒЫНА ШАМАМЕН 3 200 АДАМДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР

«Жасыл ел» бағдарламасын іске асыру мәселесі облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде қаралды.

Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Әлімбек Тұралиевтің айтуынша, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында жүзеге асырылып жатқан «Жасыл ел» бағдарламасы өңірде қарқынды дамып, жастарды жыл өте келе көбірек қамтып келеді.

Биыл еңбек жасақтарына шамамен 3 200 адамды тарту жоспарлануда. Оның ішінде 2 000 жас - көгалдандыру жұмыстарына, ал 1 200-і абаттандыру және құрылысқа араласады.

«Қазіргі таңда жасақтарда 170 адам жұмыс істеп жатыр. Ақтөбеде 30 жас орман шаруашылығында еңбек етуде, 100-ден астамы құрылыс алаңдары және абаттандыру жасақтарында, тағы 40 адам облыс аудандарында жұмыс істеуде. Жалақы мөлшері бағытқа байланысты 155 мыңнан 190 мың теңгеге дейін, бұл - ел бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Бағдарламаға 16 мен 35 жас аралығындағы жастар, соның ішінде студенттер, оқушылар және жұмыссыз жастар тартылады», – деді Әлімбек Тұралиев.



Мәселені талқылау барысында облыс әкімі мердігер ұйымдарының қатысуымен еңбек жасақтарының мүшелерін қаланы санитарлық тазалау жұмыстарына тартуды тапсырды.

«Жаз мезгілінде студенттерді жұмыспен қамту – жастар үшін алғашқы еңбек тәжірибесі, табыс табу және қажетті дағдыларды



дамытуға жақсы мүмкіндік. Осыған байланысты «Жасыл ел» бағдарламасын жалғастыру қажет. Сонымен қатар жастардың құқықтарының сақталуына назар аударып, олардың бұзылуына жол бермеу керек. Бұдан бөлек, Ақтөбе қаласы мен аудан әкімдіктері санитарлық тазалық жұмыстарын ұйымдастыруға белсендірек қатысып, жастардың еңбек жасақтарымен тығыз байланыс орнатуы тиіс», – деп атап өтті облыс әкімі.

Главные новости

В ТРУДОВОЙ ОТРЯД «ЖАСЫЛ ЕЛ» В ЭТОМ ГОДУ ПЛАНИРУЕТСЯ ТРУДОУСТРОИТЬ ПОРЯДКА 3 200 ЧЕЛОВЕК

Реализацию программы «Жасыл ел» рассмотрели на аппаратном совещании под председательством акима области Асхата Шахарова.

Как сообщил руководитель управления по вопросам молодежной политики Алимбек Туралиев, программа «Жасыл ел», реализуемая в рамках общенациональной акции «Таза Қазақстан», в регионе активно развивается и охватывает все больше молодежи.

В этом году планируется трудоустроить в отряды порядка 3 200 человек. 2 000 молодых людей будут привлекаться к работам по озеленению, а 1 200 – по благоустройству и в стройотрядах.

«Сейчас в отрядах работают 170 человек. В Ақтөбе 30 молодых людей заняты в лесничестве, более 100 – на стройплощадках и в отрядах по благоустройству, еще 40 – в

районах области. Размер заработной платы составляет от 155 до 190 тысяч тенге в зависимости от направления, что является одним из самых высоких показателей по стране. К участию привлекаются молодые люди в возрасте от 16 до 35 лет, включая студентов, школьников и безработную молодежь», – рассказал Алимбек Туралиев.

В ходе обсуждения вопроса аким области поручил привлекать бойцов трудовых отрядов к санитарной очистке города с участием подрядных организаций.

«Обеспечение занятости студентов в летний период – это хорошая возможность для нашей молодежи получить первый трудовой опыт, зарабатывать и развивать необходимые навыки. В этой связи необходимо продолжить реализацию программы «Жасыл ел». При этом особое внимание следует уделить соблюдению прав молодежи и не допускать их нарушений. Кроме того, акиматы города Ақтөбе и районов должны активнее подключаться к организации санитарно-очистительных работ и обеспечить тесное взаимодействие с молодежными трудовыми отрядами», – отметил аким области.

Жас ғалым

Мемлекеттік қолдау –

Жас ғалымдарға арналған тұрғын үй бағдарламасы Қазақстанда табысты жүзеге асырылып келеді. Бұл бастама Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Отбасы банк» АҚ бірлесіп іске асырып жатқан пилоттық жоба аясында қолға алынған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – жас зерттеушілерге қолжетімді несие арқылы тұрғын үй алуға мүмкіндік беру. Бүгінгі таңда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 20-ға жуық жас ғалымы мемлекет тарапынан ұсынылған тұрғын үй бағдарламасы арқылы баспана кілтін алды. Солардың қатарында биология кафедрасының оқытушысы, ғылыми қызметкер Саржігітова Асылай Темірханқызы да бар. Асылай Саржігітова 2019 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің биология кафедрасында оқытушы қызметін атқарып келеді. Ғылыми-педагогикалық қызметінде білім беру мен зерттеуді ұштастыра отырып, студенттердің кәсіби қалыптасуына үлес қосып жүр. Оның ғылыми жарияланымдары халықаралық және отандық басылымдарда жарық көрген. Атап айтқанда, Scopus деректер базасына енген 3 мақаласы және ККСОН ұсынған журналдарда жарияланған 5 еңбегі бар. Сонымен қатар, 2 әдістемелік нұсқаулықтың авторы. Қазіргі уақытта 2024–2026 жылдарға арналған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан гранттық қаржыландыруға ие болған АР23490023 «Ірі қара малдың түйінді дерматиті: Қазақстан территориясында вирустың тасымалдаушылары, таралу ареалы, халықтың хабардарлығы және рекомбинантты вакцина тәрізді штаммының генетикалық сипаттамасы» атты ғылыми жоба аясында ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Осы орайда біз Асылай Темірханқызымен сұхбаттасқан едік.

Жақында жас ғалымдарды қолдау бағдарламасы аясында пәтер иесі атандыңыз. Құтты болсын! Жалпы, мұндай бағдарламалардың тиімділігін қалай бағалайсыз?

Рахмет! Бұл – мен үшін ғана емес, жалпы жас ғалымдар үшін үлкен қолдау. Жас ғалымдарды қолдау бағдарламалары ғылыммен тұрақты айналысуға нақты мүмкіндік береді. Әсіресе, тұрғын үй мәселесінің шешілуі – біздің алаңсыз жұмыс істеуімізге үлкен жағдай жасайды. Сондықтан мұндай бағдарламалардың тиімділігін өте жоғары деп бағалаймын. Осы орайда жас ғалымдарды үнемі қолдап отыратын университетіміздің ректоры Лаура Чапайқызына алғыс білдіргім келеді.

Бағдарламаға қатысу барысында қандай да бір қиындықтар кездесті ме?

Жалпы алғанда, процесс түсінікті әрі жүйелі ұйымдастырылған деп айта аламын. Айтарлықтай қиындықтар туындаған жоқ. Университет тарапынан ғылыммен айналысатын жас ғалым ретінде жолдама алып, банк талаптарын уақытылы орындау арқылы қысқа мерзімде баспаналы болдым.

Ғылым жолын таңдауыңызға не себеп болды? Зерттеу бағытыңыз туралы көңірек айтып берсеңіз.

Ғылымға деген қызығушылығым студенттік кезеңнен бастау алды. Сол уақыттан бастап әртүрлі ғылыми бағыттарда ізденіп, ғылыми мақалалар жариялап, пәндік олимпиадаларға қатысып, өзімді жан-жақты дамытуға тырыстым. Ғылыми орта, зерттеу жүргізу процесі, жаңа білімге ұмтылу мені ерекше қызықтырды.

Әсіресе, магистратурада магистрлік диссертация жазу барысында зерттеушілікке деген шынайы қызығушылығым



оянды. Магистратурада оқып жүріп, шетелде ғылыми тағылымдамадан өту мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Сол кезеңде заманауи зерттеу әдістерімен танысып, ғылымның мүмкіндіктерін кеңінен көре отырып, болашақта осы саланы өмірлік жолым ретінде таңдауға нақты шешім қабылдадым.

Қазіргі таңда мен 2024–2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға ие болған «Ірі қара малдың түйінді дерматиті: Қазақстан территориясында вирустың тасымалдаушылары, таралу ареалы, халықтың хабардарлығы және рекомбинантты вакцина тәрізді штаммының генетикалық сипаттамасы» атты ғылыми жоба аясында ғылыми қызметкер ретінде

жұмыс істеймін. Жоба жетекшісі – биология кафедрасының доценті, PhD А.М. Исимов.

Бұл зерттеу еліміздің ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан аса өзекті. Жоба барысында вирустың таралу ерекшеліктері, тасымалдаушылары, эпизоотологиялық жағдайы жан-жақты зерттеліп, оның генетикалық құрылымына терең талдау жүргізіледі.

Аталған зерттеудің нәтижелері аурудың таралу механизмдерін тереңірек түсінуге, тиімді алдын алу шараларын әзірлеуге және ветеринариялық бақылау жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жоба ауыл шаруашылығы саласының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін арттыруға және экономикалық шығындардың алдын алуға өз үлесін қосады.

Жалпы, мен үшін ғылым – тек кәсіби қызмет қана емес, бұл – үздіксіз ізденіс, тұрақты даму және қоғамға нақты пайда әкелудің маңызды жолы.

Ғылыми жолда өз-өзіңізге күмәнданған сәттер болды ма? Ондай кезеңдерді қалай өңсердіңіз?

Иә, ондай сәттер әр жас ғалымның жолында кездеседі деп ойлаймын. Әсіресе, эксперимент нәтижелері күткендей болмаған кезде немесе зерттеу ұзаққа созылғанда. Мұндай кезде мақсатымды еске саламын, ғылыми жетекшілермен және әріптестермен кеңесемін. Сонымен қатар кішкентай жетістіктердің өзін бағалау да мотивация береді.

Сізді ғылымда алға жетелейтін басты мотивация не?

Мен үшін басты мотивация – қоғамға пайда келтіру. Зерттеу нәтижелері нақты мәселелерді шешуге көмектесе, бұл – үлкен жетістік. Сонымен қатар жаңа білім алу, өз саламада кәсіби тұрғыда өсу де мені алға жетелейді.



меңгеріп, сертификат алдым.

Сонымен қатар, «Smart Cookie» ағылшын тіліндегі интеллектуалды ойынында жүлделі орындарға ие болдым, эссе байқауларына қатысып, алғыс хаттармен марапатталдым.

Ақтөбе қаласында өткен Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына арналған пікірсайыс турнирінде төрешілік етіп, «Үздік төреші» атандым. Республикалық және аймақтық пікірсайыс турнирлерінде жүлделі орындарға ие болдым.



«Қазақстанның Үздік студенті» республикалық байқауында I орын иелендім. Сонымен қатар, «Жастар, ғылым және инновация» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, алғыс хатпен марапатталдым.

Ramukkale University-де оқу барысында белсенділік танытып, арнайы алғыс хатқа ие болдым. Түркиядағы студенттер арасындағы баскетбол турнирінде III орын иелендім.

Қ.Жұбанов атындағы АӘУ-де өткен «Zhubanov CUP VI» республикалық

пікірсайыс турнирінде «Үздік гид» номинациясын иелендім. Сонымен қатар,



тар, «Арнайы педагогика» бағыты бойынша XVII республикалық пәндік олимпиадада II орын алдым.

Бұдан бөлек, түрлі сертификаттар, алғыс хаттар мен марапаттардың иегерімін.

Ғылыми ізденістеріңіз қандай бағыттарды қамтиды?

Менің ғылыми қызығушылығым арнайы педагогика және инклюзивті білім беру мәселелеріне бағытталған. Әсіресе, аутизм спектрі бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу, олардың отбасыға әсері, сондай-ақ білім беру жүй-

есіндегі дәстүрлі және инновациялық әдістерді салыстыру бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізіп келемін. Ғылым нақты мәселелердің шешімін табуға бағытталуы тиіс деп есептеймін.

Халықаралық тәжірибе сізге қандай әсер қалдырды?

Түркиядағы Ramukkale University университетінде білім алу мен үшін үлкен тәжірибе болды. Басқа елдің білім беру жүйесімен танысып, мәдениетімен жақын танысу менің көзқарасымды кеңейтті. Бұл тәжірибе кәсіби дамуымда да, жеке тұлға ретінде қалыптасуымда да маңызды рөл атқарды.

Алдағы жоспарларыңыз қандай?

Алдағы уақытта оқуымды үздік аяқтап, кәсіби маман ретінде қалыптасқым келеді. Ерекше білімді қа-

жет ететін балалармен жұмыс істеп, олардың қоғамға бейімделуіне өз үлесімді қосуды басты мақсатым деп білемін. Сонымен қатар, ғылыми бағыттағы ізденістерімді жалғастыруды жоспарлап отырмын.

Бос уақытымда кітап оқып, қолөнермен айналысамын, жүзумен шұғылданамын. Сондай-ақ мобилографиямен айналысып, түрлі тақырыпта бейнематериалдар түсіремін.

Сәттілік тілеймін!

жет ететін балалармен жұмыс істеп, олардың қоғамға бейімделуіне өз үлесімді қосуды басты мақсатым деп білемін. Сонымен қатар, ғылыми бағыттағы ізденістерімді жалғастыруды жоспарлап отырмын.

Сұхбаттасқан: Жадыра АРЕН

☑ **Үздік студент**

Студенттік табыс формуласы: білім, белсенділік және ізденіс

Жұбанов университеті – тек кәсіби мамандар даярлайтын білім ордасы ғана емес, сонымен қатар тұлғалық дамуға жол ашатын маңызды орта. Осындай ортада өз бағытын айқындап, білім мен қоғамдық белсенділікті ұштастыра білген студенттердің бірі – Педагогика және білім берумен менеджмент факультетінің «Арнайы педагогика» білім бағдарламасының 4 курс студенті Балқия Асылбекова.

Балқияның өмірлік ұстанымы – «Жақсылық ойдан, ниеттен және әрекеттен басталады». Бұл қағида оның студенттік жолында нақты істерімен дәлелденіп келеді.

Балқия мектеп жылдарынан бастап білімге деген жауапкершілігімен ерекшеленген. Үздік оқушы атанып, «Қызыл аттестат» иегері болуы – оның табандылығының алғашқы нәтижесі. Бұл бағыт университет қабырғасында да жалғасын тауып, жоғары GPA көрсеткішімен білім алып, жоғары шәкіртақы иегері атанды.



Балқия, өзіңді қалыптастыру жолында қандай оқиғалар маңызды рөл атқарды?

Әр адамның қалыптасуында отбасының орны ерекше деп ойлаймын. Менің мамандық таңдауыма анамның кәсібі тікелей әсер етті. Ол – логопед маманы. Бала кезімнен ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс істудің қаншалықты жауапты әрі маңызды екенін

көріп өстім. Сол себепті осы бағытта білім алып, өз үлесімді қосуды мақсат еттім. Сонымен қатар мектеп қабырғасындағы ұстаздарымның қолдауы да үлкен рөл атқарды.

Студенттік белсенділігіңіз сіздің дамуыңызға қалай әсер етті?

Университет маған тек білім ғана емес, өзімді жан-жақты дамытуға мүмкіндік берді. Ғылыми бағытта «You Dream» фракциясына жетекшілік ету арқылы ұйымдастырушылық қабілетімді шыңдадым. Ал «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағында пікірсайыс мәдениетін меңгеріп, сыни ойлау мен шешендік қабілетімді дамыттым.

«Қайырымдылық жасау – игі іс» деген ұстаныммен «Жұбанов жылуы» волонтерлік қозғалысының мүшесі болдым. «Жастар арасындағы «Дос-Мұқасан» фильмінің әсері», «Жоғары білім беру ұйымдарындағы дәстүрлі және инновациялық оқыту: салыстырмалы талдау»

», «Аутизм спектрінің бұзылысы бар баланы тәрбиелеудің отбасылық қарым-қатынасқа және ата-аналардың өмір сүру сапасына әсері» атты ғылыми мақалаларым жарық көрді.

3 курста академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Түркияның Pamukkale University университетінде білім алып келдім. Қазіргі таңда ЮНИСЕФ Қазақстан волонтерлік бағдарламасының мүшесімін.

Жетістіктеріңізге тоқталып өтсек?

Студенттік өмірімде түрлі ғылыми, зияткерлік және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып келемін. Атап айтқанда:

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағы ұйымдастырған «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына» арналған клубшілік турнирде үздік ойын көрсетіп, «Замандық ерекше стиль иесі» номинациясы бойынша диплом иелендім.

Марат Оспанов атындағы БҚМУ-дың 65 жылдығына орай «Жалын» пікірсайыс клубы ұйымдастырған облыстық турнирге қатысып, ректор атынан алғыс хат алдым. «Қазақстан Республикасы – әлемдік өркениеттің толық мүшесі» атты ғылыми-практикалық конференцияда мазмұнды баяндама жасап, I дәрежелі дипломмен марапатталдым.

2023 жылдың 17–21 сәуір аралығында «Polsko-Kazakh Regional Center of Education Safety and Rescue vol.2» бағдарламасы бойынша алғашқы медициналық көмек көрсетудің заманауи әдістерін

жас ғалымдар үшін үлкен мүмкіндік



Алдағы жоспарларыңызбен бөлісеңіз. Қандай жобаларды жүзеге асырғыңыз келеді?

Алдағы уақытта ғылыми қызметімді одан әрі дамытып, Scopus және Web of Science базасына енетін жоғары процентиальды журналдарда ғылыми мақалалар жариялауды жоспарлап отырмын. Сонымен қатар, докторантураға оқуға түсіп, ғылыми бағытымды тереңдету – басты мақсаттарымның бірі. Болашақта өз саламада білікті маман ретінде қалыптасқым келеді.

Өңіріміздің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған ғылыми жобаларды жүзеге асыру да жоспарымда бар. Жалпы, менің мақсатым – ғылым арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізіп, еліміздің дамуына өз үлесімді қосу.

Шетелде тәжірибе жинақтау жоспарыңыз бар ма? Егер мүмкіндік болса, қай елдің ғылыми орталықтарында жұмыс істегіңіз келеді?

Иә, шетелде тәжірибе жинақтау – маңызды мақсаттарымның бірі. Әсіресе, Еуропа елдерінің ғылыми орталықтарында тәжірибе жинақтап, заманауи зерттеу әдістерін меңгергім келеді. Бұл тәжірибе отандық ғылымның дамуына да өз үлесін қосады деп сенемін.

Сіздің жетістігіңіз басқа жас ғалымдарға қандай мотивация береді деп ойлайсыз?

Менің ойымша, ең бастысы – табандылық пен өз ісіне деген сенім. Егер алдыңызға нақты мақсат қойып, соған жүйелі әрі үздіксіз еңбек етсеңіз, нәтиже міндетті түрде болады. Ғылым жолы оңай емес, бірақ әрбір қиындық – тәжірибе мен өсуге берілген мүмкіндік.

Мемлекеттік және университеттік қолдау бағдарламалары жас ғалымдар үшін үлкен мүмкіндік алаңы деп есептеймін. Олар тек ғылыми әлеуетті дамытуға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жағдайды жақсартуға да нақты қолдау көрсетеді.



Мұндай мүмкіндіктерді тиімді пайдалану – әрбір жас зерттеушінің өз қолында.

Өз тәжірибем арқылы жас ғалымдарға жеткізім келетіні – мүмкіндік бар, ең бастысы соны көре білу және батыл қадам жасау. Ғылымға шынайы қызығушылық пен табандылық болса, кез келген мақсатқа жетуге болады.

Өңімеңізге рахмет! Сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан: Жадыра АРЕН



Басты жаңалықтар

Главные новости



HEALTECH 2026: HERIOT-WATT УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ КАМПУСЫНДА 16 СТАРТАП ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде Heriot-Watt University Ақтөбе кампусының студенттері Health Companion бағытындағы инновациялық жобаларын көпшілік назарына ұсынды. Іс-шара аясында жалпы саны 16 стартап таныстырылып, олардың әрқайсысы денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды.

Ұсынылған жобалардың ішінде «Virtual Health Control» (Виртуалды денсаулық сақшысы) стартапы ерекше назар аударды. Аталған жоба – жасанды интеллект технологиясына негізделген қосымша. Ол пайдаланушының денсаулық көрсеткіштерін, атап айтқанда, жүрек соғысы, қан қысымы, ағзадағы су мөлшері, қант деңгейі және күнделікті физикалық белсенділігін тұрақты түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Қосымшада денсаулық көрсеткіштерінде күрделі өзгерістер анықталған жағдайда пайдаланушының жеке дәрігеріне автоматты түрде хабарлама жіберу функциясы қарастырылған. Ал төтенше жағдайларда жедел медициналық көмек қызметіне хабар беру мүмкіндігі бар. Сонымен қатар жүйе пайдаланушыға жеке ұсыныстар беріп, денсаулығын тиімді бақылауға жағдай жасайды. Жоба авторлары қосымшаны болашақта смарт-сағаттарға бейімдеуді жоспарлап отыр. Негізгі мақсат – тек мониторинг жүргізу ғана емес, дәрігер мен пациент арасындағы байланысты үйлестіру.

Компьютерлік инженерия білім беру бағдарламасының студенттері 16 командаға бөлініп, әрқайсысы жеке стартап әзірледі. Командалар өздерін толыққанды компания ретінде таныстырып, нақты пайдалануға жарамды цифрлық шешім-

дер ұсынды. Нәтижесінде тек теориялық идеялар емес, тәжірибеде қолдануға болатын 16 түрлі өнім ұсынылды.

Жобалар әзірлеу барысында студенттер бағдарламалау дағдыларымен шектелмей, жүйе архитектурасын жобалау, интерфейс дизайны, инженерлік шешімдер қабылдау және бизнес-модель құру бағыттарын толық қамтыды. Сонымен қатар олар идеяны толыққанды стартапқа айналдырудың негізгі кезеңдерін тәжірибе жүзінде меңгерді.

Көрме барысында командалар өз жобаларын сарапшыларға таныстырып, бағдарламалық инженерия стандарттарына сәйкес жан-жақты бағалаудан өтті.

Аталған бастама дәстүрлі оқу үдерісінен асып, студенттерге нақты өнім әзірлеу және оны коммерциализациялау мүмкіндіктерін меңгеруге жол ашты. Жобаның түпкі мақсаты – үздік стартаптарды болашақта табысты технологиялық компанияларға айналдыру.

HEALTECH 2026: В КАМПУСЕ HERIOT-WATT В АКТОБЕ ПРЕДСТАВИЛИ 16 СТАРТАПОВ

В Актюбинском региональном университете имени К.Жубанова студенты кампуса Heriot-Watt University в Актобе представили широкой публике свои инновационные проекты в направлении Health Companion. В рамках мероприятия было презентовано в общей сложности 16 стартапов, каждый из которых направлен на решение актуальных проблем в сфере здравоохранения.

Среди представленных проектов особое внимание привлек стартап «Virtual Health Control» («Виртуальный хранитель здоровья»). Данный проект представляет собой приложение, основанное на технологиях искусственного интеллекта. Оно позволяет пользователю на постоянной основе отслеживать показатели здоровья, включая сердечный

ритм, артериальное давление, уровень воды в организме, уровень сахара, а также ежедневную физическую активность.

В приложении предусмотрена функция автоматической отправки уведомления личному врачу пользователя при выявлении серьезных изменений в показателях здоровья. В экстренных ситуациях доступна возможность вызова службы скорой медицинской помощи. Кроме того, система формирует персональные рекомендации, способствуя эффективному контролю состояния здоровья. Авторы проекта планируют в будущем адаптировать приложение для смарт-часов. Основная цель – не только мониторинг, но и налаживание эффективной связи между врачом и пациентом.

Студенты образовательной программы «Компьютерная инженерия» были разделены на 16 команд, каждая из которых разработала собственный стартап. Команды представили себя как полноценные компании и предложили цифровые решения, готовые к практическому применению. В результате были продемонстрированы не просто теоретические идеи, а 16 различных продуктов, пригодных для использования на практике.

В процессе разработки проектов студенты не ограничились программированием: они также охватили проектирование архитектуры систем, дизайн интерфейсов, принятие инженерных решений и построение бизнес-моделей. Кроме того, они на практике освоили ключевые этапы превращения идеи в полноценный стартап.

В ходе выставки команды представили свои проекты экспертам и прошли всестороннюю оценку в соответствии со стандартами программной инженерии.

Данная инициатива вышла за рамки традиционного учебного процесса, открыв студентам возможности для разработки реальных продуктов и их последующей коммерциализации. Конечная цель проекта – превратить лучшие стартапы в успешные технологические компании в будущем.

gov.kz

дирижерлікті өзі бастаған. Ол кезде мен екінші курс студентімін, оркестрде керемет дарынды домбырашы, қобызшы артистер жұмыс істеді. Мені оларға таныстырып, «Дирижерлікті Шамғон атқарады, бала деп қарамаңдар, мен деп түсініп, қабылдандар, дайындық жақсы өтсін», деп тапсыратын. Сондықтан Ахмет Жұбанов — бірінші дирижер, онан кейінгі екінші дирижер – мен, — деген Шамғон Қажығалиев.

Жұбановтардың қай-қайсысы да ұлы бастамалардың басында тұратын ерекшелігі бар. Құдайберген 30-жылдардағы абайтанудың сын сағатында, Абайды қабылдамақ түгіл, одан ат тонын ала қашып, «Абай — бай, діншіл, көп қатын алған» деп жатқанда «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» — деп қорықпай бірінші тұжырым жасаған ғалым болды. Семейде Абайдың үлкен музейі бар. Абайдың 150 жылдығына Семейге Есет Құдайбергенұлы Жұбановпен бірге бардық. Музейде Абайды бірінші зерттегендердің тізімі, суреттері, мақалалары экспозицияға қойылыпты. Сонда Ә.Бөкейханов пен Қ.Жұбанов бірінші тұр. Ал Ахмет Жұбанов 1945 жылы Латиф Хамидимен бірге «Абай» операсын, қазақтың тұңғыш операсын жазды. Маған «Абай» операсының жазылу тарихын, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің операны жазғандағы жұмыстары жөнінде көп дерек келтіріп, ұзақ өңгіме қылып, атақты дирижер, Ахаңның дарынды шәкірті Шамғон Қажығалиев айтып берді.

Ахаңның жұмсақ, жанға жайлы әрі түсінікті, көркем сөзді даусы жазылған бірнеше пластинка бүгін аса құнды жәдігерлер қатарында. Орталық мемлекеттік музейден алдырылған Ахаңның академиктік (1946 ж.) куәлігі, халық артисі атағы берілген (1944 ж.) куәлігі, депутаттық билеті, Грамотасы (1938 ж.), М.Әуезовпен, зайыбы Науатпен және немересі Зәуреммен, композиторлардың І съезінің ашылуындағы және Қарқаралыдағы музыка фестиваліндегі фотосуреттері жинақталды. Бұлардың бәрі де аса бағалы экспонаттар. Б.Ғизатовтың «Академик Ахмет Жұбанов», Ж.Рсалдиннің «Ахмет Жұбанов» деген зерттеу еңбектері музейде тұр. Ахмет балалары Ажармен кездескен, Ғазиза, Роза, Қайыр, Болатты күтіп алған фотолар да бар. Ғазизаның фотопортреті, «Ақсақ құлан», «Арайлап атқан таң» (1971 ж.), «Жігер» симфониясы (1976 ж.) шығармалары, кітаптары, ноталары мен композитордың шығармалары жазылған пластинка экспозициядан орын алған. Бұл экспонаттар, құжаттар музейде экскурсияны мазмұнды жүргізіп, атақты жерлесіміз туралы тартымды өңгіме, жақсы деректер айтып беруге мүмкіндік береді.

Ахмет Қуанышының қызы, атақты композитор Ғазиза Жұбанова әкесінің ғылыми еңбектерін, мақалаларын жинап, құрастырып, 1976 жылы Алматыда «Ғылым» баспасынан 4 700 данамен академик А.Жұбановтың 70 жылдығына арнап 475 беттен тұратын үлкен «Ән-күй сапары» кітабын шығарды. Ғазиза апаммен 1987 жылы Ақтөбеде кездескенім-



де әкесінің сол кітабына автограф жазып маған берді. Филолог-ғалым Есет Құдайбергенұлы Жұбанов, Ғазизаның жұбайы, театр режиссері Өзербайжан Мәмбетов үйімізде қонақта болғанда ұлым Дәуренге бата беріп, Ахмет Жұбановтың кітабының тағы бір данасын 1990 жылғы 16 қарашада автограф жазып қалдырды. Осы кездесу әлі күнге жадымда. 1995 жылы халық артисі Ғазиза Жұбанованың есімі Ақтөбе облыстық филармониясына берілді. 2027 жылы Ғазиза Жұбанованың туғанына 100 жыл толады.

Жазушы М.Әуезов ақын Абайдың даңқын шығарса, өнер зерттеушісі академик А.Жұбанов композитор Құрманғазыны әйгіледі. Жиырмамыншы ғасырда қазақ әдебиетінің көш басында М.Әуезов, ал кәсіби музыка өнерінде А.Жұбанов тұрды. Ахмет Жұбанов — қазақтың тұңғыш кәсіпқой музыканты, тұңғыш кәсіпқой дирижері, тұңғыш кәсіпқой композиторы, тұңғыш өнер ғылымының докторы, тұңғыш профессоры, Қазақ Ғылым академиясының іргесін қаласаң тұңғыш академиктердің бірі, тұңғыш халық аспаптар оркестрін құрған ұйымдастырушы, көркемдік жетекші. Тәуелсіздіктің арқасында Ахмет Жұбановтың 90 жылдығы 1996 жылы тойланды. Ақтөбеде облыстық мәдениет басқармасының басшысы болған жылдары сол ауқымды іс-шараны ұйымдастыруға атсалыстым.

Ғазиза мен Өзірбайжанның ата жолын қуған баласы Өлібі де композитор. Өр жердің топырағы, суы, құнары өртүрлі және соған қарай адамдарының да жа-

ратылысы өртүрлі болып келеді. Байғанин ауданынан ақын-жазушылар, Қобдандан батырлар, Шалқардан билер шықты. Ал Мұғалжардан ылғи композиторлар қанат қаққан. Ахмет, Ғазиза Жұбановтар, Хабидолла Тастанов, Орал Бейбітұлы. «Жаңа тұрмыс» ауылы — шұрайлы, құйқалы жер, жанында үлкен тау жатыр. Қуан ақсақал осында жерленген.

Ахмет Жұбановтың 100 жылдық тойын өткізгенде ұрпақтары — академиктер Болат, Қайыр, Ажар Қуан ата қабірінің басына барып Құран оқыды. Ауыл шетінде суы мол, мұздай, тұщы, мөлдір, таза сулы құдық бар. Осы құдықты елге, малға деп Қуан қаздырған. Ауыл адамдары «Қуан құдығы» деп атайды. Осы құдық — Жұбановтар өлетінен қалған ескерткіш. Айналасын жөндеп, абаттандырып, безендіріп, ағаштан қоршау жасаған соң тарихтан бір белгі қалды.

Ахмет Жұбановтың есімі, еңбегі ел есінде. 2006 жылы ұлы өнер зерттеушісінің 100 жылдық мерейтойы жоғары дәрежеде аталып өтті. Ақтөбеде, Ембіде музейі ашылды, ескерткіш орнатылды. Ембідегі мәдени орталыққа Ахаңның аты берілді. Ақтөбеде музыка колледжі Ахаңның атында, үлкен даңғыл ағайынды Жұбановтар атымен аталады. Ал Астанада Ахмет Жұбанов атында көше бар.

Еркін ҚҰРМАНБЕКОВ,
мәдениет қайраткері,
Ақтөбе облысының құрметті
азаматы
Ақтөбе газеті

Тазыым

Ағайындаы Жұбановтар — ұлт мақтанышы

Ағайындаы Жұбановтар — қазақтың маңдайына біткен ғасыр сыйы! Солардың бірі, қазақтың кәсіби музыка өнерінің негізін қалаушы Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына биыл — 120 жыл (29.04.1906 ж. – 30.05.1968 ж.). Қазақта «ата тегі» деген қасиетті ұғым бар. Жұбановтар тегі тегін емес! Құдайберген, Ахмет, оның қызы Ғазиза! Бұлардың әрқайсысы — өз алдына жеке-дара тұлғалар. Нағашыларына тартқан жиен Алан Бөрібаевтың өзі — дарынды дирижер. Міне, тектіліктің түбі қайда жатыр десеңізші!?

Жұбан перзентке зар болып, налып жүрген кезінде ер бала дүниеге келіп, жұрт «Енді қуан, қуанышың құтты болсын, арманың орындалды» — деп құттықтайды. Содан Жұбан ұлының атын Қуан қояды. Қуанның балалары қыз болып, бір ер баланы аңсап жүргенде, Құдай беріп ұлды болады. Оның атын Құдайберген қояды. Құдайберген тіл білімінің ғалымы болды. Құдайберген мен Ахметтің шешесі Бибішынар — атақты Жамашұлы Тағыберген бидің қызы. Құдайбергеннің зайыбы Раушан туа біткен шешен, парасатты ой мен сара сөздің иесі, аппақ сұлу әйел болған. Соған сәйкес балалары «ақ мама», қайнылары «ақ жеңгей» деп атаған. Құдайберген Раушанды аса қадірлеп, құрметтеген.

Ахметтің әкесі Қуанның кіндігінен 14 бала тараған. Қуан көзі ашық, көкірегі ояу адам екен. Петербургте, Уфада, Қазанда, Орынборда қазақша, орысша, арабша, татарша шығатын газет-журналдарды алдырып, балаларына оқытқан. Ауыл балалары молданың алдында оқиды. Құдайберген мен Ахметті Қуан Оспан-Омар деген адамдарға оқытқан. Қуан Сатыбалды деген шеберге ақы беріп, мектепке арнап кішкене үй салғызады. Балаларын оқытып, тәрбие, білім беруді мақсат етеді. Елге үлгі болсын деп өзінің балалары Құдайберген, Ахмет, үлкен қызы Ауқатты, кіші қыздары Дәмет, Зибә, Ағиба, Тәңірбергеннің қызы Бәтиманы мектепке оқуға береді. Мұғалімдікке Уфада «Ғалия» медресесін бітірген Әбділлә Беркіновті шақырады. Ә.Беркінов «Қуанның екі баласы да зерек болды» деп Құдайберген мен Ахметке жақсы мінездеме береді. Ахмет өз фамилиясын атасының атымен Жұбанов деп жаздырған. Жалпы, Жұбановтар әулетінің бәрі үлкен атасының атымен жазылған. Жұбан балалары Қуан мен Тәңірбергенге жақсы тәрбие, ақыл берген. Балаларына «Бақыт — байлықта емес, абыройда. Шырақтарым, би болмай-ақ, би түсетін үй болыңдар» деп ақыл береді екен. Қуанның шаруасы жақсы, тұрмыс жағдайы тәуір болған.



Тәңірберген екеуі жер өңдеп, мал өсіріп, кірпіштен үй салып, шөп шауып, ауызсу үшін құдық қазып, еңбек еткен. Экспедициямен Мұғалжар ауданындағы «Жаңа тұрмысқа» барғанында ауыл ақсақалы, Жұбановтардың туысы маған Қуанның үйінің, Құдайберген, Ахмет, Ғазиза туған үйдің, мектеп үйінің орындарын, ойнаған жерлерін көрсетті.

Жұбановтар әулетінің ықыласы қазақтың күй өнеріне ауған. Профессор Құдайберген тіл білімі саласын терең зерттеген, қазақ музыкасы туралы жазған және онысы қазақ күйлері туралы алғашқы еңбек болатын. 1936 жылы ол «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы туралы» атты очеркін жазды. Қ.Жұбановтың «Қазақтың күй өнері, еуропалық өнердегі симфония, философия» атты кітабының мұқабалық бетінің фотокошірмесі экспозицияға қойылған, тағы басқа еңбектері, кітаптары музейде сақталған.

Ахаң қазақ күйлерін терең, жан-жақты зерттеген. Қазір бірде-бір өнер зерттеушісі бұл орайда А.Жұбановқа соқпай, сілтеме жасамай кете алмайды. А.Жұ-

банов «Замана бұлбұлдары», «Струны столетий», «Өн-күй сапары», «Қазақтың халықтық күйші, композиторлары», тағы басқа қайталанбас еңбектер жазған. Ал Ғазиза атақты күйшіге арналған «Құрманғазы» операсын жазды. Бұл кездері қазақ өнерінде оркестр болмаған, тек жеке орындаушылар болған.

А.Жұбанов елдегі талантты өнерпаздарды, күйшілерді оркестрге жинаған. Олардың музыкалық сауаты жоқ, нотадан хабарсыз еді. А.Жұбанов оларды оркестрде бірге ойнауға, дирижерге бағынуға үйреткен. Бұл қазақ өнеріндегі жаңалық, жаңа тың бастама болды. Сөйтіп, А.Жұбанов қазақ өнері тарихында бірінші ұлттық аспаптар оркестрін құрған қайраткер болды. Оркестрді басқару үшін қазақ музыка саласында дирижерлікті да өзі бірінші бастап, өзі енгізді.

Атақты дирижер, Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптар оркестрін көп жыл басқарған Шамғон Қажығалиев маған А.Жұбановтың дирижерлігі туралы біраз әңгіме-деректер айтып берді.

— Ахмет Жұбанов қазақтың ұлттық аспаптар оркестрін құрған кезде оған

Басты жаңалықтар

ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫ:
АҚТӨБЕЛІК ҒАЛЫМДАР
ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫ ОН-
ДАҒАН ЕСЕ АЗАЙТАТЫН
ТЕХНОЛОГИЯ ӘЗІРЛЕДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғалымдары өндіріс орындарынан бөлінетін зиянды қалдықтарды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретін жаңа газ тазарту технологиясын әзірледі. Зерттеу нәтижесінде енгізілген шешім өндірістік түтін құрамындағы шаң мен зиянды заттардың көлемін ондаған есе төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жобаны өндірісте енгізу жұмыстары Ақтөбе, Ақсу және Екібастұз қалаларындағы бірқатар өнеркәсіптік нысандарда жүргізіліп жатыр. Өзірленген технология металлургия, энергетика, тамақ өнеркәсібі және құрылыс материалдарын өндіру салаларына бейімделген. Сонымен қатар экологиялық шешімдер Ақсу ферроқорытпа зауытында, «Қазхром» ТҰК АҚ кәсіпорындарында және еліміздің басқа да өндірістік нысандарында қолданылып келеді.

Технология Ақтөбе ферроқорытпа зауытында қолданылғаннан кейін өндірістік түтін құрамындағы шаң мен зиянды компоненттердің мөлшері шамамен қырық есеге дейін азайғаны анықталды. Нәтижесінде атмосфераға тарайтын өндірістік шаң мен газдардың басым бөлігі сүзгіден өткізіліп, ауаға әлдеқайда тазартылған күйде шығарылады. Бұл өндірістік кәсіпорындардың экологиялық жүктемесін төмендетуге және қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындауға ықпал етеді.

Жобаның маңызды ерекшеліктерінің бірі — оның импортты алмастыратын отандық технология ретінде жүзеге асырылуы. Бұған дейін мұндай газ тазарту жүйелері көбіне шетелден жеткізілетін. Жаңа әзірлеме Қазақстан кәсіпорындарына дәл сондай тиімді жабдықты отандық ғылыми және инженерлік өлеует негізінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Ғалымдар мұндай нәтижеге сүзгі-қаптарды жаңаша регенерациялау жүйесін енгізу арқылы қол жеткізген. Аталған технология сүзгі материалын қорғауға, тазарту тиімділігін арттыруға және жабдықтың қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүйе өндірістік процестің тұрақтылығын сақтауға бағытталған инженерлік шешімдермен толықтырылған.

Зерттеу жұмыстарына Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жетекші ғалымдары қатысып жатыр. Атап айтқанда, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Марат Иманғазин, PhD доктор, қауымдастырылған профессор Бағдагул Уахитова және коммерциандыру және стартаптар департаментінің директоры Нұрбек Дүймұханов жобаның ғылыми және технологиялық бағытын үйлестіреді. Жоба экологиялық қауіпсіздік талаптарына және «жасыл» технология қағидаттарына сәйкес келеді.

Жоба университет пен Қарағанды қаласындағы «KazEnergoMashEkologia» ЖШС арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық аясында жүзеге асырылады. Негізгі сүзгілеу жүйесінің құрастыру жұмыстары компанияның өндірістік базасында жүргізіледі.

Жоба аясында ғалымдар Ақтөбе ферроқорытпа зауытының №1 балқыту цехында кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижелері негізінде газ тазарту жүйесінің жобалық-конструкторлық шешімдері әзірленді. Ғылыми есеп Ұлттық мемлекеттік



ғылыми-техникалық сараптама орталығында тіркеліп, ғылыми нәтижелерді коммерциандыру конкурсына қатысуға мүмкіндік берді.

Жоба 350 млн теңге көлеміндегі мемлекеттік грантқа ие болды. Сонымен қатар өнеркәсіптік серіктес тарапынан 123 млн теңгеден астам қосымша инвестиция тартылған. Екі жыл ішінде жалпы құны шамамен 380 млн теңгені құрайтын газ тазарту жабдықтары әзірленіп, өндірісте қолданылып келеді.

НЕДЕЛЯ НАУКИ: АКТЮБИНСКИЕ УЧЕНЫЕ СОЗДАЛИ ТЕХНОЛОГИЮ СНИЖЕНИЯ ВРЕДНЫХ ВЫБРОСОВ В ДЕСЯТКИ РАЗ

Ученые Актыбинского регионального университета имени К.Жубанова разработали новую технологию газоочистки, позволяющую значительно сократить вредные выбросы промышленных предприятий. Внедренное по результатам исследования решение позволяет в десятки раз снизить содержание пыли и вредных веществ в промышленных выбросах.

В настоящее время работы по внедрению проекта на производстве ведутся на ряде промышленных объектов в городах Актобе, Ақсу и Экибастузе. Разработанная технология адаптирована для металлургической, энергетической, пищевой промышленности и производства строительных материалов. Кроме того, экологические решения уже применяются на Аксуском заводе ферросплавов, предприятиях АО «ТНК «Казхром» и других производственных объектах страны.

После применения данной технологии на Актыбинском заводе ферросплавов было установлено, что количество пыли и вредных компонентов в промышленных выбросах сократилось примерно в сорок раз. В результате большая часть промышленных пыли и газов, выбрасываемых в атмосферу, проходит фильтрацию и выбрасывается в воздух уже в гораздо более очищенном виде. Это способствует снижению экологической нагрузки промышленных предприятий и выполнению требований по охране окружающей среды.

Одной из важных особенностей проекта является его реализация как импортозамещающей отечественной технологии. Ранее

Главные новости

подобные системы газоочистки чаще всего поставлялись из-за рубежа. Новая разработка позволяет казахстанским предприятиям использовать столь же эффективное оборудование, созданное на основе отечественного научного и инженерного потенциала.

Ученым удалось достичь таких результатов путем внедрения новой системы регенерации рукавных фильтров. Указанная технология позволяет защитить фильтрующий материал, повысить эффективность очистки и продлить срок службы оборудования. Кроме того, система дополнена инженерными решениями, направленными на обеспечение стабильности производственного процесса.

В научно-исследовательской работе приняли участие ведущие ученые Актыбинского регионального университета имени К.Жубанова. В частности, научно-техническое направление проекта координируют кандидат технических наук, профессор Марат Имангазин, доктор PhD, ассоциированный профессор Бағдагул Уахитова и директор департамента коммерциализации и стартапов Нурбек Дүймұханов. Проект соответствует требованиям экологической безопасности и принципам «зеленых» технологий.

Проект реализуется в рамках научно-технического сотрудничества между университетом и ТОО «KazEnergoMashEkologia» в городе Караганда. Сборка основной системы фильтрации осуществляется на производственной базе предприятия.

В рамках проекта ученые провели комплексные научно-исследовательские работы в плавильном цехе №1 Актыбинского завода ферросплавов. На основе результатов исследования были разработаны проектно-конструкторские решения системы газоочистки. Научный отчет зарегистрирован в Национальном центре государственной научно-технической экспертизы, что позволило участвовать в конкурсе по коммерциализации научных результатов.

Проект получил государственный грант в размере 350 млн тенге. Кроме того, привлечены дополнительные инвестиции от промышленного партнера в размере более 123 млн тенге. За два года было разработано и внедрено в производство газоочистное оборудование общей стоимостью около 380 млн тенге.



ҒЫЛЫМИ МҰРА ЖӘНЕ МЕРЕЙТОЙ: ИГОРЬ СПИВАК-ЛАВРОВҚА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Спивак-Лавров Игорь Феликсовичтің 80 жылдық мерейтойына арналған физика-математика факультеті ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Іс-шараға университет басшылығы, ғылыми қауымдастық өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы, ғалымның туыстары мен шәкірттері қатысып, мерейтой иесіне жылы лебіздерін білдірді.

Ректор Лаура Қарабасова құттықтау сөзінде ғалымның ғылыми қауымдастықтағы айрықша орнын атап өтіп, облыс әкімі Асхат Шахаровтың құттықтау хатын табыстады.

Игорь Спивак-Лавров корпускулярлық оптика және теориялық физика саласының көрнекті маманы, 300-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Қазақстанның ғылыми жетістіктерін халықаралық деңгейде танытуға зор үлес қосқан профессор – «Құрмет» ордені мен «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағының, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері.

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ И ЮБИЛЕЙ: ЧЕСТИТОВАНИЕ ИГОРЯ СПИВАКА-ЛАВРОВА

Состоялось расширенное заседание Ученого совета физико-математического факультета, посвященное 80-летию доктора физико-математических наук, профессора Игоря Феликсовича Спивака-Лаврова.

В мероприятии приняли участие руководство университета, представители научного сообщества, профессорско-преподавательский состав, родственники и ученики ученого, которые выразили свои теплые пожелания юбилею.

В своей поздравительной речи ректор Лаура Карабасова отметила особое место ученого в научном сообществе и вручила поздравительное письмо акима области Асхата Шахарова.

Игорь Спивак-Лавров – выдающийся специалист в области корпускулярной оптики и теоретической физики, автор более 300 научных работ. Профессор, внесший большой вклад в популяризацию научных достижений Казахстана на международном уровне, является кавалером ордена «Құрмет» и звания «Почетный работник образования Республики Казахстан», а также дважды лауреатом государственной премии «Лучший преподаватель вуза».

SCIENTIFIC HERITAGE AND ANNIVERSARY: HONORING IGOR SPIVAK-LAVROV

A meeting of the Academic Council of the Faculty of Physics and Mathematics was held in honor of Professor Igor Spivak-Lavrov, Doctor of Physical and Mathematical Sciences.

The event was attended by the university administration, representatives of the scientific community, faculty members, as well as the professor's relatives and students, who expressed their warm wishes on the occasion of his anniversary.

In her congratulatory speech, Rector Laura Karabasova highlighted the professor's significant contribution to the scientific community and presented him with a congratulatory letter on behalf of the Akim of the region, Askhat Shakharov.

Professor Igor Spivak-Lavrov is an outstanding specialist in corpuscular optics and theoretical physics, and the author of numerous scientific publications. He has made a significant contribution to promoting Kazakhstan's scientific achievements at the international level.

He is a recipient of the «Құрмет» Order and the title «Honorary Worker of Education of the Republic of Kazakhstan» as well as a two-time winner of the national award «Best University Professor».

Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі

Путь учёного: Игорь Спивак-Лавров и его вклад в развитие физики

Спивак-Лавров Игорь Феликсович родился 20 марта 1946 года в городе Одессе. Он вырос в интеллигентной семье, где высоко ценились образование, культура слова и служение обществу. Его дед, Сергей Михайлович Пенчук, был мэром Новороссийска. Родители, Вера Владимировна и Феликс Львович, были журналистами: отец работал в сельскохозяйственной газете, мать — в учительской газете. В 1953 году семья переехала в Алма-Ату, где Вера Владимировна продолжила свою профессиональную деятельность в качестве специального корреспондента по Казахстану.

С ранних лет Игоря Феликсовича отличали любознательность, серьёзное отношение к знаниям и стремление к высоким результатам. В 1963 году он окончил среднюю школу № 53 города Алма-Аты с серебряной медалью. Уже тогда проявились его глубокий интерес к точным наукам, целеустремлённость и внутренняя дисциплина, которые впоследствии определили весь его жизненный путь.

В 1968 году Игорь Феликсович окончил физический факультет Казахского государственного университета имени С. М. Кирова по специальности «Физика» в городе Алма-Ате и по распределению был направлен в Актобинский педагогический институт в качестве преподавателя кафедры физики. С этого времени его судьба оказалась неразрывно связана с Актобе, с развитием физики и с подготовкой новых поколений специалистов.

Стремление к научному поиску и постоянному развитию привело его к профессиональным достижениям. В 1980 году Игорь Феликсович защитил кандидатскую диссертацию, а в 2000 году — докторскую диссертацию по специальности «Физическая электроника» в Санкт-Петербургском техническом университете. В 2010 году ему было присвоено учёное звание профессора по специальности «Физика». Эти этапы стали важными вехами большого научного пути, за которыми стоят годы напряжённого труда, глубоких исследований и верности избранному делу.

Профессор Спивак-Лавров Игорь Феликсович по праву считается одним из известных специалистов в области корпускулярной оптики и теоретической физики. Им опубликовано более 300 научных работ, в том числе 11 авторских свидетельств на изобретения и инновационных патентов. Особое место в его научном наследии занимают книги по олимпиадным задачам по физике, на которых выросло не одно поколение школьников и студентов. Кроме того, им была написана обзорная статья для ведущего



международного журнала Advances in Imaging and Electron Physics, что стало ещё одним подтверждением высокого признания его научного авторитета.

Игорь Феликсович активно представляет казахстанскую науку на международной арене. Он принимал участие в работе более 50 международных конференций, в том числе по оптике заряженных частиц в Японии — Тцукуба (1994), Англии — Кэмбридж (2006), Сингапуре (2010), Чехии — Брно (2014), а также был участником международного симпозиума по оптике в США — Сан-Диего (1995). В 2012 году он выступил с пленарным докладом на 19-й Международной конференции по масс-спектрокопии и в Киото, а в 2016 году — на 21-й конференции в Торонто.

Высокий авторитет Игоря Феликсовича подтверждается и его наградами. Он стал лауреатом Фонда Сороса в 1994 году. В 2006 году ему было присвоено звание «Почётный работник образования Республики Казахстан», и в том же году он был награждён орденом «Құрмет». В 2011 году Игорь Феликсович был избран академиком Национальной академии естественных наук Республики Казахстан. Особым признанием его заслуг в области образования стало его двукратное удостоивание государственного гранта «Лучший преподаватель вуза» — в 2007 и 2021 годах.

Игорь Феликсович многие годы является наставником для своих учеников, человеком, который своим примером показывает, каким должен быть настоящий учёный и педагог. Под его научным руководством были защищены две кандидатские диссертации по и одна диссертация PhD по физике. Сегодня его научная школа продолжает свое развитие в лице трех докторантов.

Однако Игорь Феликсович — не только выдающийся учёный и педагог, но и человек удивительно цельной, яркой и гармоничной натуры. Он всегда вёл здоровый образ жизни, увлекался футболом и в свободное время с удовольствием играл с друзьями. На ежегодных спартакиадах университета он неоднократно занимал первые места в составе команды факультета.

Наряду с научной строгостью в нём всегда живёт и душа лирика. На литературных вечерах он с вдохновением читает стихи, сам сочиняет, тонко чувствует слово и прекрасно поёт. Его отличают улыбочивость, открытость, доброжелательность и редкая готовность прийти на помощь каждому, кто к нему обращается. У Игоря Феликсовича много друзей, и его искренне любят и глубоко уважают все, кому посчастливилось знать его лично.

Большое место в его жизни занимает и работа с молодёжью: на протяжении многих лет он является председателем жюри городских и областных олимпиад школьников по физике, поддерживая талантливых ребят и помогая формированию интереса к науке у нового поколения.

Жизненный путь Спивак-Лаврова Игоря Феликсовича — это история преданности науке, высокой ответственности, интеллигентности, внутреннего благородства и настоящего служения своему делу. Его имя по праву занимает достойное место в истории отечественной науки и высшего образования.

Тилектес Шугаева
PhD, доцент(ассоциированный
профессор) кампуса Heriot-Watt APY
им. К. Жубанова